



## Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 қаңтарда № 31680 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі

Б. Акчулаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі  
2023 жылғы 9 қаңтардағы  
№ 4 Бұйрықпен  
бекітілген

### **Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 210 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11026 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексерулер жүргізу қағидаларында:

21-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"21. Білімді біліктілік тексеруден өту үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген "Электр қондырғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуіне біліктілік тексеру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды білімді біліктілік тексеру мерзімі аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 30 (

отыз) күннен кешіктірмей "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы арқылы жолдайды.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" жүзеге асырылады. Құжаттардың электрондық көшірмелері түріндегі құжаттар мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тапсырған кезде портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін сұрау салуы туралы мәртебе өтініштің қабылданғанын растау болып табылады.";

22-1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"22-1. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толық болуын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық емес ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауапты көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуден өту күні, уақыты және орны туралы хабарлама немесе осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту жолдайды.";

25-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"25. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы

деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.";

3-қосымша алып тасталсын;

4-қосымша осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 12 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13468 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атом энергиясы пайдаланылатын объектілеріде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау қағидаларында:

11 және 12-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Аттестаттаудан өту үшін аттестатталатын адам (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету үшін қажетті құжаттарды [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жолдайды.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезеңіндегі мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысындағы деректер

автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылаудың ақпараттық жүйесіне беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.";

2-қосымша алып тасталсын;

3-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 45 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13538 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ядролық және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу қағидаларында:

4, 5 және 6-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Заңның 26-бабының 3-тармағына сәйкес ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымның:

1) аккредиттеу немесе аккредиттеу саласымен тікелей байланысты қызмет саласындағы кемінде бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесі;

2) тиісті аккредиттеу саласындағы жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуге қабілетті білікті персоналы;

3) мәлімделген жұмыс түрлерін орындау үшін бағдарламалық-техникалық құралдар және (немесе) есептеу әдістемелері болады.

Бағдарламалық-техникалық құралдарға ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздікті негіздеу үшін талап етілетін нәтижелерді алу үшін бастапқы деректер мен формулаларды енгізуге мүмкіндік беретін электрондық-есептеу машиналарының бағдарламалық қамтылымы жатады.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген "Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік

қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (бұдан әрі – Портал) арқылы ұсынады.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды Портал арқылы берген кезде – Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинеті" арқылы Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және оны Көрсетілетін қызметті берушінің ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының қарауына береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы Көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға сәйкес Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған кезде, Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы Көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде, Көрсетілетін қызметті берушінің ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде құжаттар топтамасын осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарау үшін Көрсетілетін қызметті берушінің ядролық физикалық қауіпсіздік және техникалық кооперация басқармасына жібереді.

15 (он бес) жұмыс күні ішінде ядролық физикалық қауіпсіздік және техникалық кооперация басқармасының жұмыскері және Көрсетілетін қызметті берушінің ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы Көрсетілетін қызметті алушының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі

туралы қорытынды дайындайды, содан кейін Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілген басқармаларының басшыларына келісуге енгізеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасының жауапты орындаушысы ұсынылған қорытындылар негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

барлық ұсынылған қорытындыларда ұсынылған құжаттардың сәйкестігі туралы тұжырым болған кезде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы куәлікті ресімдейді;

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды және Көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап Портал арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес Көрсетілетін қызметті беруші Көрсетілетін қызметті алушыға ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы куәлік беруден бас тарту туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы Көрсетілетін қызметті алушыға шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарланады.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын, қорытындысын және тыңдау нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы куәлік берілсін;

2) ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік, және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы куәлік беруден бас тартылсын. ";

7-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.";

1-қосымша алып тасталсын;

2-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-1-қосымша алып тасталсын.

4. "Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 9 ақпандағы № 51 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13549 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидаларын бекіту туралы қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 27) тармақшасына сәйкес әзірленді және көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту тәртібін айқындайды.";

3, 4 және 5-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүгінеді және осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген "Көліктік қаптама комплектілерінің конструкцияларын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін



қолдану" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинеті" арқылы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

5. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және оны Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесіне орындауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған кезде, Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы Көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде, Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін қарайды.

Ұсынылған құжаттар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту туралы немесе осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану туралы шешім дайындайды не осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес Көрсетілетін қызметті беруші Көрсетілетін қызметті алушыға көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту немесе сертификаттар-рұқсаттар күшін

қолдану туралы алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге (тыңдауға) мүмкіндік береді, ол туралы Көрсетілетін қызметті алушы шешім қабылданғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Құжаттар топтамасын, қорытындысын және тыңдау нәтижелерін қарау қорытындылары бойынша Көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту туралы немесе сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану туралы;

2) көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту немесе сертификаттар-рұқсаттар күшін қолданудан бас тарту туралы.";

7-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.";

1 және 2-қосымшалар алып тасталсын;

3-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-1-қосымша алып тасталсын;

6-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20323 болып тіркелген):

1-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары;"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

4 және 5-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген "Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды портал арқылы жолдайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

10-тармақ алып тасталсын;

12 және 13-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген кезде лицензиялау басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген кезде лицензиялау басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

13. Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу осы Қағидалардың 7 – 9-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.";

1, 2, 3 және 4-қосымшалар алып тасталсын;

5-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

4 және 5-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті

жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды портал арқылы жолдайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен кезде лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің ішінде, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер мен бастапқы тексеру туралы қорытындысын материалдарды бақылау және халықаралық кепілдіктер басқармасына, ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік және техникалық кооперация басқармасына лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) бақылау субъектісін шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін жібереді.";

10-тармақ алып тасталсын;

12 және 13-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген кезде лицензиялау басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар

тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген кезде лицензиялау басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

13. Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу осы Қағидалардың 7 – 9-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.";

1, 2, 3 және 4-қосымшалар алып тасталсын;

5-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

2-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

4 және 5-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген "Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды портал арқылы жолдайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен кезде лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің ішінде, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер мен бастапқы тексеру туралы қорытындысын материалдарды бақылау және халықаралық кепілдіктер басқармасына, ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) ) бақылау субъектісін шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін жібереді .";

10-тармақ алып тасталсын;

12 және 13-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген кезде лицензиялау басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген кезде лицензиялау басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

13. Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу осы Қағидалардың 7 – 9-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы



деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.";

1, 2, 3 және 4-қосымшалар алып тасталсын;

5-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

4 және 5-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 7-қосымшада келтірілген "Иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды портал арқылы жолдайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен кезде лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің ішінде, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген

мерзім ішінде құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер мен бастапқы тексеру туралы қорытындысын материалдарды бақылау және халықаралық кепілдіктер басқармасына, ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) бақылау субъектісін шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін жібереді .";

10-тармақ алып тасталсын;

12 және 13-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген кезде лицензиялау басқармасының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды дайындайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын, мәліметтерді ұсынған және (немесе) ұсынылған құжаттарды тиісінше ресімдеген кезде лицензиялау басқармасының қызметкері лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны дайындайды.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

13. Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу осы Қағидалардың 7 – 9-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта

ресімдеу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.";

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"18. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты бірыңғай байланыс орталығына жібереді және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары интернет-ресурстарының [www.gov.kz](http://www.gov.kz) бірыңғай платформасында "Энергетика министрлігі" деген бөлімде орналастырады.";

1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшалар алып тасталсын;

7-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

4 және 5-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 7-қосымшада келтірілген "Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды портал арқылы жолдайды.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық болуын және қолданылу мерзімін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған және (немесе) олардың қолданылу мерзімі өткен кезде лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің

ішінде, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) мәліметтердің толық топтамасын ұсынған және қолданылу мерзімі өткен құжаттар болмаған кезде лицензиялау басқармасының қызметкері осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде бастапқы тексеру туралы қорытындыны қоса бере отырып, құжаттар пакетін "құрамында иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәуле шығарудың генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, оларды монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу", "аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сынықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылау", "өнімдердегі, материалдардағы, қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің бар болуын анықтау, радон және басқа да радиоактивті газдардың шоғырлануын өлшеу" және "персоналды дозиметрлік жеке бақылау" қызметтің кіші түрлері бойынша лицензия берудің ерекше шарттарын белгілеу және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) бақылау субъектісін шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу үшін ядролық және радиациялық қауіпсіздік басқармасына жібереді.";

10-тармақ алып тасталсын;

12 және 13-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін лицензиялау басқармасының қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық болуын және (немесе) ұсынылған құжаттардың тиісінше ресімделуін тексереді.

7.		<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодексе) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге</p>

	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	<p>байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p>
		<p>1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1 және 2-қосымшаларына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде алу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші; ЭҮТШ-дан жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер; осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны (бұдан әрі – мәліметтер нысаны); осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке құжаттардың электрондық көшірмелері;</p> <p>2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5 және 6-қосымшаларына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған лицензияны және (немесе)</p>

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

лицензияға қосымшаны электрондық түрде қайта ресімдеу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ-дан жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді);

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмесі;

3) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5 және 6-қосымшаларына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде қайта ресімдеу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ-дан жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді);

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмесі;

мәліметтер нысаны;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар

тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке құжаттардың электрондық көшірмелері.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы, лицензия туралы, алым сомасын бюджетке төлеу туралы анықтаманы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Шетелдік заңды тұлға, шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы немесе жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) болмаған кезде көрсетілетін қызметті алушы туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын басқа да құжаттарды ұсынады.

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу кезінде мыналар:  
Қазақстан Республикасының заңдарында заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынғаны;  
лицензиялық алым енгізілмеген;  
өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) біліктілік талаптарына сәйкес келмегені;  
өтініш берушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болғаны;

9.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге сотпен уақытша тыйым салғаны;  
өтініш беруші (көрсетілетін қызметті алушы) лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталғанда;  
көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы;  
2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде құжаттарды ұсынбау немесе тиісінше ресімделмеуі;  
3) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда: лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбаса немесе тиісінше ресімдемесе;  
өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;  
егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғаларды-лицензиаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандардың ішіндегі басқа заңды тұлғаға бұрын қайта ресімделген болса;  
көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

1) мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

10.

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

www.gov.kz Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интернет-ресурстары бірыңғай платформасының "Энергетика министрлігі" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде; порталда орналастырылған;

2) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар;

3) көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар;

4) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде портал арқылы көру қабілеті нашар адамдарға арналған нұсқа қолжетімді;

5) мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интернет-ресурстары бірыңғай платформасының "Энергетика министрлігі" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы 1414, 8 800 080 7777.

"Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне  
1-қосымша  
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші**

\_\_\_\_\_

— (лицензиардың толық атауы)

\_\_\_\_\_

— (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )

\_\_\_\_\_

— (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін )  
жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта

\_\_\_\_\_

— (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)  
беруіңізді сұраймын. Жеке тұлғаның мекенжайы

\_\_\_\_\_

— (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат)  
Электрондық пошта \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

— Телефондары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

— Факс \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

— Банк шоты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

— (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

\_\_\_\_\_

— (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) \_\_\_\_\_ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас



тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;  
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен  
айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды  
болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде  
ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын  
қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті  
электрондық

цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары  
арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға \_\_\_\_\_

— (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) жеке тұлғаның электрондық цифрлық  
қолтаңбасы

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"Атом энергиясын пайдалану  
саласында қызметтер көрсету  
жөніндегі қызметті жүзеге  
асыруға лицензия беру"  
мемлекеттік қызмет көрсетуге  
қойылатын негізгі талаптар  
тізбесіне  
2-қосымша  
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші**

— \_\_\_\_\_  
(лицензиардың толық атауы)

— \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан  
жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі  
болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-  
сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін  
)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта

—  
(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою керек)  
беруіңізді сұраймын.

Занды тұлғаның мекенжайы \_\_\_\_\_

— (шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта \_\_\_\_\_

— Телефондары \_\_\_\_\_

— Факс \_\_\_\_\_

— Банк шоты \_\_\_\_\_

— (шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

— (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

\_\_\_\_\_ парақта қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілетін құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып

табылатыны расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық

цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымша

**Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны**

**1-тарау. Мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

1-кесте

Маманның, техниктің, жұмысшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қабылдау туралы бұйрықтың /жеке еңбек шартының нөмірі және күні	Ұйым жұмысының бағдарына сәйкес мамандықтар бойынша дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі (дипломды шетелдік оқу орны берген жағдайда – тану/нострификациялау	Біліктілігіне және тиісті лауазымның функционалды қ міндеттерін е сәйкес теориялық және практикалық даярлықтан өткенін растайтын сертификаттардың, куәліктерді	Оқыту және (немесе) дайындық курсының атауы (тақырыбы) (осы баған жұмысшы	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердегі жұмыс өтілі туралы мәлімет (лауазымының атауы, жұмыс кезеңі, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттың атауы (осы баған тек радиациялық қауіптілігі I және II	Персоналды "А" тобының персоналына
---	-------------------------------	---	--	--	---	---	------------------------------------

			туралы мәліметтер) (бұл тармак рентгендік тексеру аппаратта рында жұмыс жасайтын персонал үшін және жұмысшылар үшін толтырылма йды)	ң нөмірі және берілген күні (осы баған жұмысшылар үшін толтырылма йды)	лар үшін толтырыл майды)	санатты объектілер де, ядролық материал дарды өткізуден басқа ядролық қондырғы ларда жұмыс істейтін мамандар мен техниктер үшін толтыры лады)	жатқызу (иә / жоқ)
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.

Тиісті білімі, дайындығы бар және мәлімделген қызмет түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген мамандар мен техниктердің біліктілік құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер осы тарауға сәйкес 1-кестеге енгізіледі\*.

\* ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін осы тармақты орындау талап етілмейді. Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау қызметінің кіші түрі үшін құжаттар (сертификаттар, куәліктер, куәліктер) ұсыну талап етілмейді. Құрамында иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын немесе радиоизотопты иондаушы сәуле шығару көздері бар медициналық аспаптарды қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу қызметтің кіші түрі үшін отандық дайындаушы зауыттар немесе олардың уәкілетті ұйымдары берген құжаттарды (сертификаттарды, куәліктерді, куәліктерді) ұсыну талап етілмейді және кемінде екі техник талап етіледі. Техниктер құрамында иондандырушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптарға және қондырғыларға техникалық қызмет көрсетуді, оларды монтаждауды, бөлшектеуді, зарядтауды, қайта зарядтауды, жөндеуді, иондандырушы сәулелену көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылауды, аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сынықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылауды жүзеге асыратын бір ғана ұйымның құрамына кіреді.

## 2-тарау. Қызмет немесе жауапты адам туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

Қызметті құру туралы (немесе жауапты адам туралы) бұйрықтың нөмірі және күні	Маманның тегі, аты, әкесінің аты және атқаратын лауазымы	О қы т у сертификатының немесе куәліктің нөмірі және берілген күні (сертификатты немесе куәлікті шетелдік оқу орны берген жағдайда – радиациялық қауіпсіздік бойынша тану/нострификациялау туралы мәліметтер)	Радиациялық қауіпсіздік бойынша оқыту курсының атауы (тақырыбы)	Радиациялық қауіпсіздік бойынша оқыту жүргізілген жеке немесе заңды тұлғаның атауы (оның ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жүргізу құқығына берілген лицензиясының нөмірі)
1	2	3	4	5

Радиациялық қауіпсіздік қызметі немесе жауапты адам туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер осы тарауға сәйкес 2-кестеге енгізіледі\*.

\* – радиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналы және радиациялық қауіпсіздікке жауапты адам "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау" қызметінің түріне немесе кіші түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғада радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы даярлықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады.

### 3-тарау. Персоналды жеке дозиметрлік бақылаумен қамтамасыз ету туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

3-кесте

Шарт тақырыбы (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші осы бағанды толтырмайды)	Шарт жасалған тұлғаның заңды тұлға/дара кәсіпкер/жеке тұлға атауы (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші осы бағанды толтырмайды)	Шарттың нөмірі және күні, шарттың қолданылу мерзімі (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші осы бағанды толтырмайды)	Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету құқығына рұқсат беретін лицензияның нөмірі	Жеке дозиметрлік бақылаумен қамтылған қызметкерлер саны
1	2	3	4	5

Персоналды жеке дозиметрлік бақылаумен қамтамасыз ету туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер осы тарауға сәйкес 3-кестеге енгізіледі\*.

\* – құрамында иондаушы сәуле шығарудың радиоизотопты көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын медициналық құралдарды қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу жөніндегі кіші қызмет түрлеріне ғана жатады;

иондаушы сәуле шығару көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау. Персоналға жеке дозиметрлік бақылау жүргізуге арналған шарт атом энергиясын пайдалану саласында тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен жасалады.

#### 4-тарау. Өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

4-кесте

Иелік құқығын растайтын немесе өзге заңды құқықтарды растайтын құжат	Өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтардың атауы және қысқаша сипаттамасы	Өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтардың мақсаты	Шыққан жылы және өндіруші ел	Зауыттық нөмірі және түгендеу күні	Техникалық паспорттың нөмірі
1	2	3	4	5	6

Өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер осы тарауға сәйкес 4-кестеге енгізіледі \*.

\* – құрамында иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын медициналық құралдарды қоса алғанда, ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға және аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсетуге, монтаждауға, бөлшектеуге, зарядтауға, қайта зарядтауға, жөндеуге ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түрлері үшін орындау талап етілмейді.

#### 5-тарау. Мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, арнайы үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

5-кесте

Үй-жайдың (өндірістік-техникалық базаның/қойманың/арнайы үй-жайдың/зертхананың) атауы	Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңды құқықтарды растайтын құжат	Өзге заңды құқығы болған жағдайда		Үй-жайдың (өндірістік-техникалық базаның/қойманың/арнайы үй-жайдың/зертхананың) орналасқан мекенжайы
		Шарттың нөмірі, күні және қолданылу мерзімі	Шарт жасалған заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің/жеке тұлғаның атауы және Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ Жеке сәйкестендіру нөмірі	

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті меншік құқығында немесе өзге заңды негіздегі арнайы үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер осы тарауға сәйкес 5-кестеге енгізіледі \*.

\* – өнімдердегі, материалдардағы, қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің құрамын анықтау және персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды орындауға ғана қатысты.

**6-тарау. Теориялық және практикалық сабақ өткізу үшін қажетті радиациялық бақылаудың оқу сыныптары, оқыту жабдықтары, техникалық құралдары, оқыту аспаптары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

6-кесте

Оқыту сыныбының, оқыту жабдықтарының, техникалық құралдың, радиациялық бақылау аспабының қысқаша сипаттамасы және атауы	Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңды құқықтарды растайтын құжаттың атауы	Өзге заңды құқықтар болған жағдайда		Оқыту жабдығының, техникалық құралдың немесе радиациялық бақылау аспабының тағайындалуы	Зауыттық нөмірі және түгендеу күні (оқыту сыныптарына толтырылмады)	Саны	Техникалық паспорттың нөмірі (радиациялық бақылау аспаптары үшін)
		Шарттың нөмірі, күні және қолдану мерзімі	Шарт жасалған заңды тұлға / дара кәсіпкер/ жеке тұлғаның атауы және Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/ Жеке сәйкестендіру нөмірі				
1	2	3	4	5	6	7	8

Қажетті радиациялық бақылаудың теориялық және практикалық оқу сыныптары, оқыту жабдықтары, техникалық құралдары, оқыту құралдары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер осы тарауға сәйкес 6-кестеге енгізіледі.

\* – осы тармақ ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

**7-тарау. Тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны**

7-кесте

Шарт тақырыбы	Шарт нөмірі және жасалған күні, шарттың қолданылу мерзімі	Шарт жасалған заңды тұлғаның /дара кәсіпкердің/жеке тұлғаның атауы	Лицензия нөмірі/рұқсат құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі
1.	2.	3.	4.

Тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғамен қызметтер көрсетуге арналған шарт туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер осы тарауға сәйкес 7-кестеге енгізіледі\*.

\* осы тармақ мәлімделген қызмет құрамында ядролық және радиоактивті материалдарды тасымалдау кезінде физикалық қорғау бойынша операциясы болғанда ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

"Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне  
4-қосымша

### **Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке құжаттар**

1. Біліктілігін және тиісті лауазымның функционалдық міндеттеріне сәйкес теориялық және практикалық даярлықтан өткенін растайтын құжаттар (сертификаттар, куәліктер, куәліктер) – қызметтің кіші түрі үшін иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын немесе құрамында радиоизотопты иондаушы сәуле шығару көздері бар немесе медициналық аспаптарды қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу отандық дайындаушы зауыттар немесе олардың уәкілетті ұйымдары берген құжаттарды (сертификаттарды, куәліктерді, куәліктерді) ұсыну талап етілмейді және кемінде екі техник талап етіледі. Техниктер құрамында иондандырушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптарға және қондырғыларға техникалық қызмет көрсетуді, оларды монтаждауды, бөлшектеуді, зарядтауды, қайта зарядтауды, жөндеуді, иондандырушы сәулелену көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылауды, аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сынықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылауды жүзеге асыратын бір ғана ұйымның құрамына кіреді. Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін осы тармақты орындау талап етілмейді. Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау қызметінің кіші түрі үшін құжаттарды (сертификаттарды, куәліктерді, куәліктерді) ұсыну талап етілмейді.

2. Радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қызмет туралы ереже (немесе радиациялық қауіпсіздікке жауапты адамның лауазымдық нұсқаулығы) – радиациялық қауіпсіздік қызметінің персоналы мен радиациялық қауіпсіздікке жауапты адам "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау"



қызмет түріне немесе кіші түріне лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғадан радиациялық қауіпсіздік бойынша арнайы даярлықтан өткен қызметкерлер ішінен тағайындалады. Осы тармақты персоналды жеке дозиметрлік бақылау, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау және ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметтің кіші түрлері үшін орындау талап етілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-275/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21822 болып тіркелген) "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 6-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес өтініш беруші бекіткен мәлімделетін жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық – осы тармақ:

құрамында радиоизотоптық иондаушы сәуле шығару көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу;

иондаушы сәуле шығару көздерінің жұмыс сапасын, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау жөніндегі қызметтердің кіші түрлеріне ғана қатысты.

4. "Радиациялық қауіпті объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29292 болып тіркелген) медициналық рентген жабдықтарының пайдалану параметрлеріне бақылау жүргізу талаптарына сәйкес өтініш беруші бекіткен рентген аппаратының әрбір типінің тексерілетін негізгі параметрлерін, түсірілген суреттерді алу жүйесін және оларды бағалау шарттарын, пайдаланылатын қосалқы жабдықтарды сипаттай отырып сынау бағдарламасы – осы тармақ иондаушы сәуле шығару көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

5. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20323 болып тіркелген) "Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік

қызметтер көрсету қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес өлшеу құралдары, бақылау аспаптары, қосалқы материалдар мен жабдықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысанының 4-кестесінің 1-бағанында көрсетілген құжаттар.

өлшеу құралдары мен бақылау аспаптарын тексеру сертификаттары – құрамында радиоизотопты иондаушы сәуле шығару көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын медициналықты қоса алғанда, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға және аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсетуге, монтаждауға, бөлшектеуге, зарядтауға, қайта зарядтауға, жөндеуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түрлері үшін осы тармақты орындау талап етілмейді.

6. Өтініш беруші бекіткен персоналдың авариялық жағдайлардағы іс-қимылдары жөніндегі нұсқаулық – осы тармақ мәлімделген қызмет құрамында ядролық және радиоактивті материалдарды тасымалдау кезінде физикалық қорғау бойынша операциясы болғанда ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

7. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20323 болып тіркелген) "Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету" қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес теориялық және практикалық сабақ өткізу үшін қажетті радиациялық бақылаудың оқу сыныптары, оқыту жабдықтары, техникалық құралдары, оқыту аспаптары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны 6-кестесінің 2-бағанында көрсетілген құжаттардың көшірмелері – осы тармақ ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

8. Ядролық және/немесе радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мамандығы бойынша кемінде үш жыл оқыту тәжірибесі, арнайы даярлығы және практикалық жұмыс тәжірибесі (еңбек кітапшалары және/немесе оны тоқтату күні мен негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарттары) бар оқытушылардың білімі, арнайы даярлығы (даярлау бағдарламаларын қоса бере отырып) туралы құжаттар – осы тармақ ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

9. Өтініш беруші бекіткен, нақты сабақтар өткізетін оқытушының тегі көрсетілген, теориялық және практикалық даярлықты бөліп көрсете отырып, сағат бойынша бөле отырып оқыту бағдарламасы – осы тармақ ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

10. Тыңдаушылардың білімін тексеруге арналған билеттер (тесттер) – осы тармақ ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

11. Өтініш беруші бекіткен мәлімделетін қызмет сапасын қамтамасыз ету саласындағы өтініш берушінің саясатын сипаттай отырып, мәлімделетін жұмыстарды жүзеге асыру кезіндегі сапаны қамтамасыз ету бағдарламасы, оқытушыларды іріктеу, жұмысқа жіберу, олардың біліктілігін қолдау және арттыру рәсімі мен алгоритмі, өтініш беруші мәлімделетін қызметті жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын нормативтік құжаттар тізбесі, құжаттаманы басқару жүйесі, оқитындардың білімін бақылау рәсімдері, мәлімделген қызметте пайдаланылатын әдістемелердің сапасын қамтамасыз ету – осы тармақ ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметтің кіші түріне ғана қатысты.

"Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне  
5-қосымша  
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

\_\_\_\_\_

— (лицензиардың толық атауы)

\_\_\_\_\_

— (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )

\_\_\_\_\_ жүзеге асыруға  
(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері)толық атауы) 20\_\_  
жылғы

"\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы)  
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын)  
мынадай

негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің атының (ол болған жағдайда) өзгеруі

;

2) дара кәсіпкер-лицензиатты қайта тіркеу, оның атауының өзгеруі \_\_\_\_\_

3) дара кәсіпкер-лицензиатты қайта тіркеу, оның заңды мекенжайының өзгеруі

4) егер лицензияның иеліктен шығарылуы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиаттың үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы;

5) "Объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілерді көрсете отырып, лицензияға қосымшалар үшін физикалық орын ауыстырусыз объектінің орналасқан жерінің мекенжайының өзгеруі;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптардың болуы

7) қызмет түрі атауының өзгеруі \_\_\_\_\_

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі \_\_\_\_\_ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта

(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)  
қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның мекенжайы \_\_\_\_\_

(пошта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)  
Электрондық пошта \_\_\_\_\_

Телефондары \_\_\_\_\_

Факс \_\_\_\_\_

Банк шоты \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

\_\_\_\_\_ парақта қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық

цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) жеке тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

"Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру"

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші**

\_\_\_\_\_

(лицензиардың толық атауы)

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес- сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері)толық атауы) жүзеге асыруға 20 \_\_\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын )

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға X қою қажет): бірігу \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

қайта құру \_\_\_\_\_ бөліп шығару \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

бөліну \_\_\_\_\_ арқылы қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиаттың атауының өзгеруі \_\_\_\_\_

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі \_\_\_\_\_

4) егер лицензияның иеліктен шығарылуы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиаттың үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияның иеліктен шығарылуы \_\_\_\_\_

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар сыныбы" бойынша берілген лицензия үшін немесе

объектілерді көрсете отырып, лицензияға қосымшалар үшін оның физикалық орны ауыстырусыз объектінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі \_\_\_\_\_

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптардың болуы \_\_\_\_\_

7) қызмет түрі атауының өзгеруі \_\_\_\_\_

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі \_\_\_\_\_ жүзеге

асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта \_\_\_\_\_

(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы \_\_\_\_\_

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта \_\_\_\_\_

Телефондары \_\_\_\_\_

Факс \_\_\_\_\_

Банк шоты \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

---

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) \_\_\_\_\_ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілетін құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып

табылатыны расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық

цифрлық қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ұйым басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
өзгерістер енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының тізбесіне  
11-қосымша  
"Радиоактивті қалдықтармен  
жұмыс істеу жөніндегі қызметке  
лицензия беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
қағидаларына 7-қосымша

**"Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру".



Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

- 1) үй-жайларды, жабдықтар мен материалдарды дезактивациялау (радиоактивті ластанудан тазарту);
- 2) радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу;
- 3) радиациялық оңалту, аумақтар мен объектілерді рекультивациялау;
- 4) радиоактивті қалдықтарды жинау және сұрыптау;
- 5) радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті.
2.	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жоғарыда көрсетілген барлық кіші түрлерімен бірге "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> веб-порталы ( бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берген кезде, оның ішінде лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қайта ресімделген кезде – 20 ( жиырма) жұмыс күні; 2) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 3 (үш) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жоғарыда көрсетілген барлық кіші түрлерімен бірге электрондық ( толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.
		Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жоғарыда көрсетілген барлық кіші түрлерімен бірге қызметті алушыларға ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері

6.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>бойынша қызмет түрімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төленеді:</p> <p>1) осы қызмет түрімен айналысу құқығы үшін лицензияны беру кезінде лицензиялық алым 50 айлық есептік көрсеткішті құрайды;</p> <p>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды;</p> <p>3) лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың төлнұсқаларын) беру кезінде лицензиялық алым алынбайды.</p> <p>Төлем қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ портал арқылы "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.</p>
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p>
		<p>1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін: осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1 және 2-қосымшаларға</p>

сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде алу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші;  
ЭҮТШ-дан жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер (лицензияға қосымша алу кезінде талап етілмейді);

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке құжаттардың электрондық көшірмелері;

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5 және 6-қосымшаларына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде қайта ресімдеу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ-дан жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді);

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

қамтылған құжаттардың көшірмесі;

3) заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөлу нысандарында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде:

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 5 және 6-қосымшаларына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық түрде қайта ресімдеу үшін жеке және заңды тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ-дан жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер (лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді);

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмесі;

мәліметтер нысаны;

осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке құжаттардың электрондық көшірмелері.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы, лицензия туралы, алым сомасын бюджетке төлеу туралы анықтаманы (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) көрсетілетін

қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Шетелдік заңды тұлға, шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлға болып табылатын көрсетілетін қызметті алушы – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін) болмаған кезде көрсетілетін қызметті алушы туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын басқа да құжаттарды ұсынады.

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

